

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелудің және (немесе)
Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетудің рұқсат беру тәртібі
белгіленген тауарлар тізбесінің 2.1-бөліміне өзгеріс енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 16 сәуірдегі № 63 шешімі
2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 46-
бабына және Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы
хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы
шартқа № 7 қосымша) 4 және 37-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасы **шешті:**

1. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелудің және (немесе)
Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетудің рұқсат беру тәртібі
белгіленген тауарлар тізбесінің 2.1-бөліміндегі (Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне № 2 қосымша) "1,1-дифторхлор, 2
-дифтор, 3-дихлорпропан" деген сөздер "1,1-дифторхлор, 2-дифтор, 3-хлорфторпропан"
деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң
күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян